



ЕЛОРДАНЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН БАСТАМАЛАР ОРДАСЫ

5-БЕТ | ҚОҒАМ



ДОНОР ТАПШЫЛЫҒЫ ТАЛАЙДЫҒ ҮМІТІН ҮЗІП ТҮР

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ

“ ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Арлы адам – ең күшті адам. Өйткені ол өткінші бақыттың, өткінші қайғының ырқына мойынсынбайды. Сондықтан оның тағдыры қиын болуы, ауыр болуы мүмкін, өкінішті болуы мүмкін емес.

Әбіш КЕКІЛБАЙ

”

№6
(4750)
Сенбі
18 қаңтар
2025 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ҮЙІРМЕНІҢ ҮЙРЕТЕРІ САН АЛУАН

Мектеп оқушыларына қосымша білім, тәрбие берудің бір бағыты мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда елордада 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдердің білім, өнер және спорт түрлерімен қосымша айналысуы үшін берілетін ваучерлер саны артып отыр.



МАЙДАНГЕРГЕ – 5 МИЛЛИОН

Астана қаласының әкімдігі Жеңістің 80 жылдығына орай Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне берілетін төлем мөлшерін 2,5 есеге ұлғайтты.

Бүгінгі таңда елордада 6 соғыс майдангері тұрады. Олардың әрқайсысына 5 миллион теңгеден беріледі.

Бұдан басқа, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілгендер де (Чернобыль АЭС қатысушылары мен мүгедектерінен басқа) төлемақы алады: ҰОС кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілер, фашистік Германияға қарсы іс-қимылдарға қатысқандар, Ленинградта блокада кезеңінде жұмыс істеген азаматтар, концлагерьлердің көмелікке толмаған тұтқындары, әскери қызметшілер, жарақат салдарынан мүгедектігі бар адамдар, азаматтық немесе әскери мақсаттағы нысандардағы радиациялық апаттар, ядролық сынақтар салдарынан мүгедектігі белгіленген адамдарға, мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәулеленуінен генетикалық жолмен берілгендерге – 45 АЕК (176 940 теңге) мөлшерінде ақы беріледі.

Сондай-ақ Қорғаныс министрлігі Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне Жеңістің 80 жылдығы медалін тапсырады.

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНА – МАМАНДЫҚ ДИПЛОМЫ

Астанада биыл 200-ге жуық мектеп оқушысы жұмысшы мамандығы бойынша диплом алады.

Қанатқақты жоба аясында елордада үш мемлекеттік колледж таңдап алынды. Бүгінде 156 оқушы «Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсетіп жөндеу және пайдалану», «Тігін өндірісі және киім дизайны», «Аспазшы» мамандықтарын оқып, практикалық тәжірибеден өтіп жатыр.

Мамыр айында жобаның алғашқы білім алушыларына колледж дипломы табысталады. Астана қаласының Білім басқармасы, колледж және мектеп әкімшілігі, ата-аналар әр ай сайын балалардың оқу үлгеріміне бақылау жасау мақсатында мониторинг жүргізеді. Жұмысшы мамандықтары жылына орай пилоттық жобаның ауқымы кеңейтіледі. Биыл қала колледждері 300-ден астам оқушы қабылдап, тігінші, наубайшы, аспаз, шаштараз, флорист, мобилді өндіріс маманы, электр газ салушы мамандықтары оқытылады деп жоспарланып отыр.



18-19 ҚАҢТАР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Ақмола, Абай, Шығыс Қазақстан және Қызылорда облыстары

Жәрмеңке әр демалыс күндері сағат 10:00-ден 22:00-ге дейін Н.Тілендиев даңғылы, 12 а мекенжайында орналасқан «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында өтеді



ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 544.64 \$ USD/KZT 529.65 ₸ RUB/KZT 5.16 ¥ CNY/KZT 72.24

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Асхат Жұмағалиды қабылдады.

Президентке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің елімізде қабылдаған шаралары туралы есеп берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Антикор қызметінің биылғы жоспары, соның ішінде «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру жөніндегі негізгі міндеттері таныстырылды.

Асхат Жұмағалидың айтуынша, былтыр 1 641 жемқорлыққа қатысты қылмыс тіркеліп, жүйелі түрде жемқорлық жасаудың 68 фактісі анықталған. Екі ұйымдасқан қылмыстық топтың әрекеті әшкереленіп, сонымен қатар екі топқа үкім шығарылған. Сыбайлас жемқорлыққа жол берген 1 493 адам ұсталды. Олардың ішінде түрлі деңгейдегі 229 басшы бар. 914 адам сотталды.

Агенттік 2022 жылдан бері мемлекетке жалпы сомасы 1,12 триллион теңгеге бағаланған мүлктік активтер мен қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз еткен. Былтыр сомасы 486,5 миллиард теңге болатын мүлктік активтер мен қаражат қайтарылған.

Президентке ведомствоның мемлекеттік сатып алу мен қаржының мақсатты игерілуіне мониторинг жүргізіп, 87,7 миллиард теңгенің тиімсіз жұмсалыуына жол бермегені жөнінде айтылды. Маңызды

инфрақұрылымдық және әлеуметтік жобалардың құрылысын бақылау жұмыстары жалғасып жатыр. Агенттіктің қадағалауында 182 нысан бар, оның ішінде 81 құрылыстың жұмысы аяқталған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің басшысы Президент тапсырмаларының орындалуы жайында баяндады. Атап айтқанда, жол саласындағы жемқорлықты жою үшін талдау жүргізіліп, уәкілетті органдарға бірқатар ұсыным берілді. Агенттік қызметкерлерінен арнайы құрылған топтар өңірлердегі жол құрылысы мен жөндеу жұмыстарына мониторинг жүргізіп жатыр. Бақылауға алынған 258 жобаның жалпы ұзындығы 1,8 мың шақырым болатын 119 учаскесі пайдалануға беріліп, оларда анықталған ақаудың 95 пайызы ретке келтірілді.

«Цифрлық теңге» платформасында «ақшаны бояу» пилоттық жобасы іске асырылуда. Бұл тетік ауыл шаруашылығы мен жол салаларының жекелеген бағыттарында қолданылып жатыр. Кейіннен оны цифрлық жүйемен бірге бюджет қаржысын жұмсаудың барлық кезеңіне енгізу жоспарланған.

Бұдан бөлек, медицина, спорт және әлеуметтік қолдау салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы

талдау жұмыстары аяқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа денсаулық сақтау секторындағы талдау қорытындысы бойынша дәрі-дәрмектің үстеме бағасы арзандағаны жөнінде ақпарат берілді. Бұл азаматтардың қажеттілігін өтеп, әлеуметтік мәселелерін шешуге оң әсер етеді. Елімізде науқастарға QR-код арқылы тегін дәрі-дәрмек беру жобасы іске қосылды. Аталған бастама жалған рецепттер жазып беру, дәрі-дәрмектерді ұрлау тәуекелдерін азайтып, бюджет қаржысын үнемдейді.

Президентке халықаралық ынтымақтастықтың нәтижелері, соның ішінде Әзербайжан, Ресей, Гонконг, Иордания және Қатар елдерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы ведомстволарымен меморандумдарға қол қойылғаны туралы айтылды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттер тобының ұсынымдарын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда. Оның аясында озық халықаралық тәжірибені енгізуді көздейтін 2 заң жобасы Мәжілістің қарауына ұсынылды.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы еліміздегі сыбайлас жемқорлықпен күресті одан әрі жалғастыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

«БІР ТЕРЕЗЕ» ҚАҒИДАТЫНА КӨШІРІЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов тұрғын үй құрылысын одан әрі дамыту және баспана қолжетімділігін арттыру мәселелері бойынша кеңес өткізді. Мемлекет басшысының Ана тілі газетіне берген сұхбатында айтқан тапсырмаларын орындау бойынша жұмыс барысы қаралды. Кеңеске Өнеркәсіп және құрылыс, Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің, «Отбасы банк» АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ басшылығы қатысты.

«Отбасы банкін» даму институтына айналдыру және саланы одан әрі дамыту үшін жеке қаражатты тарту жөніндегі жұмысты жандандыру тәсілдері, сондай-ақ жеңілдікті бағдарламаларды қаржыландыру, оның ішінде өнеркәсіп кәсіпорындары қызметкерлерін қолдау және жаңа өнімдерді шығару бойынша ұсыныстар талқыланды. Бүгінде «Қаражан-басмұнай», «Шұбаркөл көмір», «Еуроазиятық энергетикалық корпорация», «ССКӨБ», «Қазхром» ТҰК», «Қазақстан алюминий», «Қазақстан электротристы зауыты» сияқты ірі кәсіпорындар және басқа да ұйымдармен жұмысшы кәсіп мамандары отбасыларының тұрмысын жақсарту жұмыстары

басталды.

Премьер-министр Жұмысшы мамандықтары жылы аясында техникалық мамандарға арналған ипотекалық және жалға берілетін жеңілдікті тұрғын үй бағдарламасын кеңейту қажеттігін атап өтті. Банктің трансформациясы оның «бір терезе» қағидаты бойынша мұқтаж азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету жұмысын күшейтуге және жалпы алғанда еліміздің экономикасын дамытуға бағытталған.

Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің деректері бойынша, 2024 жылдың қорытындысында Қазақстанда рекордтық 18,9 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылмен

салыстырғанда 6,4%-ға артық. Саланың нақты көлем индексі бір жылда 113,1%-ды құрады. 2029 жылға қарай 111 млн шаршы метрге жеткізу жөніндегі Президент қойған міндеттерді орындау бойынша жұмыс жүргізілуде.

Мемлекеттік қолдау іс-шаралары шеңберінде азаматтарға жалға берілетін, неселік баспанамен қамтамасыз етуі, «2-10-20», «5-10-20» және басқа да бағдарламалар іске асырылуда. 2024 жылы «Отбасы банк» 1,29 трлн теңге сомасында 71 452 несие берді, оның 39,8%-ы бастапқы тұрғын үй сатып алуға арналған. «Оттау» және «Наурыз» бағдарламалары бойынша жалпы 251,9 млрд теңгеге 10 003 қарыз берілді.

ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ӘЛЕУЕТІ БАЯНДАЛДЫ

Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаевты қабылдады.

Президентке Ұлттық ғылым академиясының былтырғы атқарған қызметінің негізгі нәтижелері жөнінде баяндалды. Мемлекет басшысына 2024 жылы отандық ғылымның жағдайын бағамдап, саланы дамытудың басым бағыттарын айқындау мақсатында жүргізілген кешенді жұмыс жөнінде мәлімет берілді.

Ақылбек Күрішбаевтың айтуынша, былтыр бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру көзделген 113 ғылы-

ми-техникалық тапсырмаға сараптама жүргізілген, сондай-ақ 3 интеграцияланған пәнаралық ғылыми-техникалық бағдарлама әзірленген.

Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ғылымның әлеуетін арттыру үшін одан әрі жүйелі шаралар қабылдау қажет екеніне назар аударды. Таяуда Ұлттық ғылым академиясына Президент жанындағы жоғары ғылыми ұйым мәртебесін беретін Жарлыққа қол қойылды. Үкіметке аталған Жарлықты

жүзеге асыруға қатысты құқықтық мәселелерді жеделдету туралы тапсырма берілді.

Сондай-ақ ғылымды қаржыландыру 3,5 есе ұлғайды, «Ғылым және технологиялық саясат туралы» жаңа заң қабылданды. Жас ғалымдарды әлеуметтік тұрғыдан қолдау күшейтілді. Президенттің тапсырмасына оларға баспана беріліп жатыр.

Мемлекет басшысы Ұлттық ғылым академиясына бірқатар міндет жүктеді.



ЖАРИЯ ТІЗІМІ ЖАСАЛАДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заң жобасы мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобалары жөнінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Ұлан Сарқұлов баяндады. Ол түзетулердің басым бөлігі 2022 жылы Президент Жарлығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыруға бағытталғанын атап өтті.

Заң жобасының негізгі бастамаларының бірі – пара беруді талап еткені, уәде бергені немесе ұсынғаны үшін қылмыстық жауапкершілік енгізу. Бұл мәселені күн тәртібінде тұрғанына 15 жылдан асты. Тиісті заңнамалық шараларды қабылдау қажеттігі 2008 жылдың мамырында Қазақстан ратификациялаған БҰҰ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы конвенциясында көрсетілген.

«Сыбайлас жемқорлардың жария тізімі жасалады. Бұл – профилактикалық құрал. Мақсаты – қоғам арқылы сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру. Тізілімге ауыр немесе аса ауыр сыбайлас жемқорлық қылмыстарын жасағаны үшін сотталғандар енгізіледі. Мәліметтер тек заңды күшіне енген айыптау үкімінің негізінде қосылады. Ал ақтау үкімі заңды күшіне енген соң және соттылық өтелген соң тізілімінен шығарылады. Тізілім Агенттіктің сайтында орналасатырылады және оны жүргізу Агенттікке бекітіледі» деді Ұ.Сарқұлов.

Сондай-ақ ол «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң «Мүдделер қақтығысы» атты жаңа тараумен толықтырылатынын айтты. Мүдделер қақтығысы болған кезде басшы тиісті ұсынымдар көрсетілген қо-

рытындыны алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде мүдделер қақтығысын болғызу және реттеу бойынша шаралар қабылдауға міндетті. Мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызу және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін, сондай-ақ мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асырғаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген.

Бұдан бөлек мемлекеттік лауазымға немесе оған теңестірілген лауазымға орналасатын адамдардың жұмыс орны бойынша кадр қызметіне жеке мүдделері туралы декларация тапсыруы туралы норма енгізіледі. Сонымен қатар Қылмыстық кодекс жаңа 247-1-бапмен толықтырылып, заңсыз сыйақы бергені үшін жауапкершілік қарастырылады. Бұл тек алғандарды ғана емес, заңсыз сыйақы бергендерді де жауапқа тартуға мүмкіндік береді. Заңсыз сыйақы алу және беру фактілері бойынша Ішкі істер министрлігіне Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен тең дәрежеде тергеу жүргізу құқығы беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 678-бабы бойынша заңды тұлғалардың шенеуніктерге сыйақы бергені үшін 750

айлық есептік көрсеткіш айыппұл қарастырылған. Бұл баптың жаңа редакциясында Қылмыстық кодекстің 367-бабына (Пара беру) ұқсас көп мөлшердегі айыппұл түріндегі диспозиция мен санкциялар қарастырылған. Айыппұл сыйақының мөлшеріне қарай заңды тұлға атынан немесе оның мүддесі үшін берілген материалдық сыйақы мөлшерінің 30-дан 60 еселенген мөлшерінде болады. Заң жобаларында осы және өзге де түзетулер бар.

Мәжіліс депутаты Айдос Сарым қосымша баяндамасында жұмыс тобы параны талап етуді, уәде етуді және ұсынуды жаңа қылмысқа жатқызу қажет деген қорытындыға келгенін айтты. «Оларды тиісінше Қылмыстық кодекстің 366-бабында (пара беру) және 367-бабында (пара алу) көзделген қылмыстар құрамында қарастыру керек деп ұйғарылды. Бұдан бөлек мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеуді регламенттеуге, жеке мүдделерін декларациялауға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігін қамтамасыз етуді регламенттеуге байланысты нормалар пысықталуда» деді А.Сарым. Талқылау нәтижесінде депутаттар заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдау туралы шешім қабылдады.

МЕКТЕПТЕР ЖӨНДЕЛІП, ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ



Астана қаласы мәслихатының депутаттары елорданың оң жағалауында орналасқан және жаңғырту бағдарламасына енгізілген орта мектептерді аралады. Бірқатар орта білім беру орындарында көшпелі кеңес өткізген депутаттар мектептердің жағдайымен танысты.

Қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимовтың айтуынша, жаңғырту бағдарламасымен жалпы 19 мектеп қамтылған. Олардың басым бөлігіне күрделі жөндеу жүргізіледі. Ал №2 және №3 мектептер техникалық сараптамадан өткеннен кейін сүріліп, орнына жаңа ғимараттар салынады. «Оқу орындарын жаңғырту бағдарламасы 3 жылға жоспарланған. Быыл бағдарлама аясында 6 мектеп жөнделеді, қалғандары алдағы екі жыл ішінде жаңартылады. Көптеген ғимараттар өткен ғасырдың 60-жылдары салынған. Олардың спорт залдары мен сыныптары ескіріп, жарамсыз күйге түскен. Кейбір мектептерге жөндеу қажет емес, алайда абаттандыру жұмыстары – қоршаулар орнату және спорт алаңдарын салу сияқты мәселелер бар» деді Ерлан Каналимов.

Бұл мәселелер алдағы уақытта елорда мәслихатының тұрақты комиссиясының отырысында талқыланады.

ЖОЛТАР: ЦИФРЛЫҚ ДАҒДЫЛАРДЫ ТЕГІН МЕНГЕРЕДІ



Елордада жұмыссыз қала тұрғындарының жұмыс тауып, қаржылық жағдайын жақсартуға мүмкіндік беретін Joltar жобасы жалғасып жатыр.

Әлеуметтік жоба аясында осы уақытқа дейін 9 мыңнан астам елордалық біліктілігін арттырып, жұмысқа орналасты. Ал оқыту бағдарламалары еңбек нарығының сұраныстарына сүйене отырып жасалған. Мәселен, базалық цифрлық дағдыларды да жоба арқылы тегін оқуға болады.

Бұл дағдыны меңгеріп алған жандар компьютермен жұмыс істеу және оған бағдарламаларды орнатуды үйренеді. Себебі бүгінгі еңбек нарығында цифрлық дағдыларды білу маңызды. Joltar жобасындағы «Базалық цифрлық дағдылар» курсының оқытушысы Диас Махатовтың сөзінше, бүгінде адамдардың бұл салаға деген қызығушылығы жоғары.

«Мен Joltar жобасы аясында 2024 жылдың сәуір айынан бері сабақ

беріп келемін. Осы уақытқа дейін ағылшын, математика және цифрлық сауаттылық бойынша жеке сабақ жүргіздім. Бүгінде жоба қатысушыларына цифрлық дағдыларды үйретіп жүрмін. Жалпы елордалықтардың цифрлық сауатты болуға деген қызығушылығы жоғары» дейді курс оқытушысы.

Бес күндік «Базалық цифрлық дағдылар» оқыту курсына компьютермен жұмыс істеу тәсілдері түсіндіріледі. Microsoft Office-ті пайдаланудан бастап қажетті бағдарламаларды орнату әдістері де көрсетіледі. Диас Махатов өз сөзінде курс барысында практикаға көп мән берілетінін атап өтті.

«Жоба аясында жабдықталған кабинетте цифрлық дағдыларды үйренуге болатын қажетті құралдар бар.

Студенттерге алдымен теориясын түсіндіріп, кейін практикалық жұмысқа назар аударамыз. Әр студент жеке компьютерде жұмыс істей алады. Осылайша олар күнделікті өмірмен жұмысқа қажетті дағдыларды үйреніп жүр» дейді ол.

Бүгінде Диас Махатов аталған курс бойынша 330-ға жуық елордалықты оқытқан.

«Олардың әрқайсысы цифрлық әлемде қажет болатын практикалық дағдыларға ие болды. Енді олар компьютерді тиімді пайдаланып, кеңсе бағдарламаларымен жұмыс істеуді біледі» дейді елордалық оқытушы.

Айта кетейік, Joltar қысқа мерзімді оқыту бағдарламасы 18-50 жас аралығындағы Астана тұрғындары үшін қолжетімді. Оқудан кейін қатысушыларға сертификат беріледі. Ал түлектердің кандидатуралары Jumys tap Telegram-ботында тегін жарнамаланатын болады.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ

24 МЫҢ ТЕКШЕ МЕТРДЕН АСТАМ ҚАР ШЫҒАРЫЛДЫ

Қаланың коммуналдық қызметтері тәулік бойы үздіксіз режимде қар күреу жұмысын жүргізуде. 17 қаңтарға қараған түні қар полигондарына 1 926 рейспен 24 мың текше метрден астам қар шығарылды.



Қыс мезгілінің басынан бастап қаладан 260 145 ауыр жүк рейсімен 3,3 млн текше метрге жуық қар шығарылды.

Ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептеліс болмас үшін қозғалыс өте қарқынды орындар тазартылады. Сондай-ақ қарқындылығы орташа учаскелер – алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар тазартылады. Қалада бірнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар жүк техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

Terminals Astana Airport Management LLP араб компаниясымен жасалған сенімгерлік басқару шартының мерзімінің аяқталуына байланысты «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ акцияларының 100 пайызы Астана қаласының коммуналдық меншігіне өтті.

ӘУЕЖАЙ ҚАЛА БАЛАНСЫНА ӨТТІ

Елордалық әуежай акцияларының иесінің өзгеруін ескере отырып, қазіргі уақытта елорда әкімдігі мен Terminals Astana

Airport Management ЖШС арасында сенімгерлік басқарудың жаңа шартын жасасуға дайындық жүріп жатыр.



ЖЕКЕ ҚҰРАММЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласы Полиция департаментінің бастығы Марат Төлебаев Есіл және Алматы аудандары полиция басқармаларының жеке құрамымен кездесті.

Жиын мақсаты – Ішкі істер министрінің қатысуымен өткен жедел кеңес қорытындысы бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, құқық қорғау органдары қызметінің алдағы жылға басым бағыттарымен таныстыру, сондай-ақ өткен жылғы жедел қызметтік жұмыстарды қорытындылау.

Талқылаудың негізгі аспектісі – заңдылық пен тәртіпті қамтамасыз ету жөнінде қойылған міндеттер болды. Марат Төлебаев «Заң мен тәртіпті қағидатының полицияның күнделікті жұмысында іске асырылуы қажеттілі-

гіне ерекше назар аударды. Сонымен қатар аудандық бөліністердің басшыларына кемшіліктердің себептерін талдап, оларды жоюға және болдырмауға бағытталған шаралар қабылдауды тапсырды.

Ішкі істер министрі 2025 жылды Профилактика жылы: полиция заң мен тәртіп күзетінде деп жариялады. Департамент басшысы құқық бұзушылықтардың алдын алу және олардың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеу полиция қызметкерлерінің басты міндеттеріне айналуы тиіс екенін атап өтті.

РЕЙД ЖҮРІП ЖАТЫР

Астанада шегуге тыйым салынған темекі өнімдерін заңсыз сатуды анықтау бойынша рейдтік іс-шаралар өткізіліп жатыр, деп хабарлайды қала әкімдігінің ресми сайты.



Осындай тексеру іс-шарасы Сарыарқа ауданындағы дүкендерде жүргізілді. Оған аудан әкімдігі, аудандық полиция басқармасы, сондай-ақ елордалық белсенді жастар қатысты. Ең алдымен, шағым көп түсетін аумақтар тексеріледі. Мысалы, ескі теміржол вокзалы аумағы.

2024 жылы қалада шегілмейтін темекі өнімдерін заңсыз сату бойынша 70 жағдай анықталды. Кәсіпкерлерге 3 млн теңгеден асатын мөлшерде айыппұл салынды. Рейдтер барысында Республика, Жеңіс даңғылы, Гете, Ә.Молдағұло-

ва, Ы.Дүкенұлы көшелері және т.б. қамтылды.

«Егер рейдтік іс-шара кезінде насыйбай сатқан тұлғалар анықталса, оларға қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қарастырылған жаза қолданылады және насыйбай тәркіленетін болады. Ішкі істер министрлігінің тапсырмасы бойынша рейдтік іс-шаралар алдағы уақытта да жалғасуды» деді Сарыарқа ауданы ПБ учаскелік полиция инспекторы Ғалымжан Көбір. Айта кетейік, мұндай рейдтер Астананың алты ауданында жалғасуда.

ЕЛОРДАНЫ ГАЗДАНДЫРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Апта ішінде Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысы өтіп, елорданы газдандыру жұмыстары айтылды. Энергетика басқармасы өкілінің айтуынша, бүгінде елордада 11,1 мыңнан астам абонент «көгілдір отынға» қосылған. Шаһар бойынша 800 шақырым газ құбыры жұмыс істесе, оның 700 шақырымын қала әкімдігі, ал қалған бөлігін «ҚазТрансГаз» компаниясы жүргізген.

Ержан ҚОЖАҚ

«Қазір 800 шақырым газбен жабдықтау желісі қызмет етіп тұр. Бұған қоса 27 газ тарату мен 58 шкафтық газ тарату пунктін, қуаттылығы сағатына 460 мың текше метрді құрайтын екі автоматтандырылған газ тарату стансасы жұмыс істейді. Сонымен қатар, қаладағы барлық жылу электр станциялары газға қосылған. Елордада тұратын 216 мыңға жуық халыққа, яғни 13,5 абонентке газ қолжетімді. Мұның ішінде нақты 11,1 абонент «көгілдір отынның» қызығын көріп отыр» дейді Астана қаласының Энергетика басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Есмағұлов.

Басшы орынбасарының айтуынша, жеке тұлғалар тариф бойынша газдың әр текше метріне биылдан бастап 38,9 теңге төлейді екен. Мұны шамамен есептесек, айына 100 шаршы метрге 17-20 мың, ал 120 шаршы метрге айына шамамен 20-25 мың теңге қаражат деген сөз.

Өткен жылы қаланың Сарыарқа мен Алматы ауданында бұрын еселке алынбаған аумақтарға газ құбырлары тартылды. Мәселен, Сарыарқа ауданында 2,4 шақырым газ құбыры тартылып, 137 үй «көгілдір отынмен» қамтыла, Алматы ауданында 55 үйді газбен қамтуға мүмкіндік беретін 1,6 шақырым газ құбыры жүрген.

Қоғамдық кеңесте бюджет қаражат үнемдеу мақсатымен мұндай жобаларға



ЕЛОРДАДА ТҰРАТЫН 216 МЫҢҒА ЖУЫҚ ХАЛЫҚҚА, ЯҒНИ 13,5 АБОНЕНТКЕ ГАЗ ҚОЛЖЕТІМДІ. МҰНЫҢ ІШІНДЕ НАҚТЫ 11,1 АБОНЕНТ «КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ» ҚЫЗЫҒЫН КӨРІП ОТЫР

былтырдан бері жеке инвесторлардың да тартылып жатқаны айтылды.

«Өткен жылы «Qazaq Zhyly» ЖШС инвесторы 1,4 млрд теңге көлемінде жеке қаражатты инвестициялады. «Үркер» тұрғын алабына пилоттық бағдарлама арқылы құрылыс жұмыстары инвестор шотынан жүргізіліп, 45 шақырым желі жүргізілді. 1000-ға жуық тұтынушының газға қосылуына мүмкіндік туды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда. Аталған тұрғын алапты толық газдандыру осы жылдың соңына дейін аяқталады» дейді М.Есмағұлов.

Оның сөзінше, әкімдік қаладағы қалған тұрғын алаптарды газдандыру бойынша жобалау жалғасып жатыр. Мысалы, «Пригородный», «Өндіріс», «Кирпичный» және Garden Village алабы

бойынша сараптамалық оң қорытындысын алу жұмыстары басталған. Ал осы жобалар оң мақұлданып, қаржыландыру уақытылы жүрсе, газдандыру құрылысы 2025-2026 жылдары өтеді. Жалпы елордадағы 6 жыл бұрын басталған газ тарату желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінген. 2023 жылы екі кезектің құрылысы аяқталды. Нәтижесінде Сарыарқа (Көктал-1, Көктал-2, Агроқалашық және қаланың ескі бөлігіндегі Потанин көшесінің ауданы) Алматы («Железнодорожный», Промышленный, Оңтүстік-Шығыс ауданы оң мен сол

қанаты, Күйгенжар, Мичурин, Интернациональный тұрғын алабы), сондай-ақ «Ақбидай», «Қазақ ауыл» шағын ауданында, Есіл («Вела вилладж», «Құрша-вель», «Фэмэли таун», «Фэмэли парк» тұрғын үй кешені) және Нұра («Будапешт», «Космик Сити» тұрғын үй кешені) ауданын «көгілдір отынға» қосылды. Бұған қоса «Тұран», «Тельман», «Оңтүстік-Шығыс» газ жылу станциялары мен «Ильинка», «Тельман», «Пригородный», «Family Village», «Өндіріс», «Кирпичный» тұрғын алаптарына газ жеткізу желілерінің құрылысы бітті.


SMART ASTANA – ҚОЛАЙЛЫ ҚОСЫМША

Smart Astana қосымшасы қауіпсіздік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, білім беру және т.б. сияқты қалалық қызметтердің кең ауқымын қамтиды. Алайда елорда тұрғындарына қолжетімді медициналық қызметтерге арналған бөлімге ерекше назар аударылады. Оның ең пайдалы бөлімдерінің бірі – «Медицина». Ол Астанада медициналық қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған 7 негізгі қызметті қамтиды.

«Медициналық ұйымдар» және «Медициналық-әлеуметтік мекемелер» бөлімдерінде емханалар, ауруханалар және әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары туралы толық мәліметтер жазылған. Пайдаланушылар мекеменің атын, мекенжайын, байланыс деректерін, мекеме басшысының атын және орналасқан жерін картадан көре алады.

Сондай-ақ әр мекемені 1-ден 5-ке дейін шкала бойынша бағалау мүмкіндігі қарастырылған. «Жақын» функциясы медициналық мекемелерді пайдаланушының қазіргі орналасқан жерінен қашықтығы бойынша сұрыптауға мүмкіндік береді. Ал «Таңдаулылар» функциясы болашақта жылдам қол жеткізу үшін таңдалған мекемелерді жеке тізімге қосуға мүмкіндік береді. Астаналықтарға одан да ыңғайлы болу үшін қосымшада «Менің емханам» бөлімі бар. ЖСН енгізілгеннен кейін экранда байланыс деректерін, мекенжайды және картаны қоса, тіркелген медициналық мекеме туралы ақпарат пайда болады.

Енді дәрігерге онлайн жазылуға болады. Ол үшін «Дәрігерге жазылу» бөліміне кіріп, ЖСН енгізу жеткілікті. Ал жүйе учаскелік дәрігерді қабылдаудың қолжетімді күндері мен уақытын ұсынады. Төтенше жағдайлар кезінде қосымшада «Дәрігерді үйге шақыру» бөлімі қарастырылған. ЖСН енгізілгеннен кейін пациент, ұйымның атауы және мекенжайы туралы ақпарат автоматты түрде пайда болады. Пайдаланушылар шақыртудың себебін көрсетіп, қажет болған жағдайда мекенжайды нақтылау мақсатында қосымша ақпарат жаза алады. Бұдан басқа, қосым-



ша «Медициналық сақтандыру (МӨМС)» бөлімінде медициналық сақтандыру мәртебесі туралы ақпаратты ұсынады. Мұнда қала тұрғындары сақтандыру туралы жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба алады. Дәрігерге барғаннан кейін «i-teka дәрі-дәрмектері» бөлімінің арқасында жақын маңдағы дәріханаларда қажетті дәрі-дәрмектердің құны мен бар-жоғын оңай білуге болады. Бұл қызмет қажетті дәрі-дәрмектерді тез табуға және орналасқан жері бойынша ыңғайлы дәріхананы таңдауға көмектеседі. Қолданба сонымен қатар қаладағы ауаның ластану деңгейі туралы маңызды ақпаратты ұсынады. «Ауаның ластануы» бөлімінде AQI ауа сапасының индексі көрсетеді, бұл тұрғындарға қаладағы экологиялық жағдайды бақылауға көмектеседі. 2024 жылғы дерек бойынша Smart Astana қосымшасының белсенді пайдаланушыларының саны 30 000 адамнан асты. Бұл қала тұрғындары арасында цифрлық сервистерге деген қызығушылықтың бар екенін көрсетеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ АЗ ЕМЕС

Астанада әлеуметтік қолдау мен жұмыспен қамтуды дамыту қаланың әлеуметтік саясатындағы басым бағыттардың бірі болып қала береді. 2024 жылы 193 мыңнан астам адам әлеуметтік төлемдермен және тегін қызметтермен қамтылды. Қолдау алушылар арасында 138 мыңнан астам зейнеткер, 36 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі адам, 34 248 көпбалалы отбасы, сондай-ақ «Алтын алқа» және «Күміс алқа» белгілерімен марапатталған 7 088 көпбалалы ана бар.

2024 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларымен 23,3 мың адам қамтылды, оның 13,7 мыңы – жастар. Жұмыс орындарын құрудың Өңірлік картасын іске асыру шеңберінде 67 634 жұмыс орны құрылды, оның 57 920-сы тұрақты, ал 9 714-і – уақытша. Былтыр 1 979 мүмкіндігі шектеулі жан жұмыс іздеу бойынша жүгінді. Жұмыспен қамту шараларымен 1 085 мүгедек адам қамтылды, оның 293-і тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды. Сондай-ақ 21-і жастар практикасын өтті, ал 7-еуі әлеуметтік жұмыс орындарына орналасты. Сонымен қатар, 381 адам «Күміс жас» бағдарламасы аясында, ал 18 адам кәсіпкерлік қызметті дамытуға грант алды.

2025 жыл Қазақстанда Жұмысшы мамандықтар жылы болып жарияланды. Биыл жұмыссыз азаматтар үшін жұмысшы мамандықтар бойынша кәсіптік оқыту ұйымдастырылады. Үш қа-

лалық бос орындар жәрмеңкесі мен 30 шағын жәрмеңке өткізу жоспарлануда. Сондай-ақ 3000 адамды қамтитын 9-11 сынып түлектерімен кәсіптік бағдарлау іс-шаралары өткізілетін болады. «Еңбек жолы» және «Парыз» сияқты еңбек форумы мен конкурстарын, сондай-ақ спорттық және мәдени іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

Мүгедектері бар адамдарды әлеуметтік қолдау және дамыту – Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басым міндеті. Қалада 36 000-нан астам мүгедек адам тұрады, оның 26 000-нан астамы – ересектер, 10 000-нан астамы – балалар. 2024 жылы мүгедектері бар адамдарды техникалық оңалту құралдарымен және қызметтермен қамтамасыз етуге 37 мыңнан астам түрлі құралдар ұсынылды: протездік-ортопедиялық көмек, сурдологиялық көмек, кресло-арбалар, санаторий-курорттық емдеу және т.б.

2024 жылы 7 761 адам арнайы әлеуметтік қызметтер алды. Бұл қызметтер 11 ведомстволық бағынысты мекемелерде көрсетіледі. Негізгі мекемелердің арасында:

1. «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы;
2. «Нұрлы жүрек» орталығы;
3. «Қамқор» орталығы;
4. «Демеу» қайта әлеуметтендіру орталығы;
5. «Үміт» дағдарыс орталығы;
6. «Жансая» орталығы және т.б. бар.

Былтыр әлеуметтік қызмет көрсететін үкіметтік емес ұйымдардың саны артты. Атап айтқанда, «Балам-ай» ҚҚ-жартылай стационарда 414 адам, «Erekshe analar» ҚҚ – жартылай стационарда 413 адам, «Астана қаласының мүгедек балалар қоғамы» ҚБ – үйде 398 адам, «Орда» ҚБ (аутизмді бар балалар) – үйде 719 адам (18 жасқа дейін), 18 жастан асқан 11 адам. «Береке Астана мүгедектер бірлестігі» ҚБ – 593

193 000 2024 жылы осынша адам әлеуметтік төлемдер және тегін қызметтермен қамтылды

Елордада
36 000
адам мүгедек адам тұрады

26 000
ересектер

10 000
балалар

2024 жылы
7 761
адам арнайы әлеуметтік қызметтер алды

23 300
адам жұмыспен қамтылды, оның

13 700
жастар



адам үйде, 413 адам – жартылай стационарда. «Солнечный мир» ҚҚ- 136 адам. «АСТ Астана әлеуметтік технологиялар» ҚБ – жартылай стационарда – 357 адам. «Қорғау дағдарыс орталығы» – 410 адам.

Қазақстанда атаулы әлеуметтік көмекті (АӘК) тағайындаудың жаңа тәсілдері күшіне енеді. Бұл процесті мұқтаж азаматтар үшін ашық әрі қолжетімді етеді. АӘК есептеу кезінде өтініш берген айдың алдындағы тоқсандағы отбасы табысының барлық түрлері ескеріледі. Бұл жалақы, әлеуметтік төлемдер,

алимент және басқа да кірістер болуы мүмкін. АӘК сомасы ағымдағы тоқсанға тағайындалады және Астана қаласының аудандық әкімдіктері жанынан құрылған учаскелік комиссиялардың қорытындылары негізінде ай сайын төленеді. 2025 жылдан бастап бір жастан алты жасқа дейінгі әрбір балаға АӘК тағайындалған сомасына қосылатын 5 898 теңге (1,5 АЕК) мөлшерінде қосымша төлем енгізіледі. Сонымен қатар, 2025 жылдың қаңтарынан бастап Қазақстанның барлық аумағын қамтитын пилоттық жоба іске

қосылуға. Жоба аясында азаматтар өздерінің банктік шоттары туралы деректерді ашық бағдарламалық интерфейс (Open API) пайдалана отырып, банкаралық ақпарат алмасу жүйесі арқылы жібере алады. Бұл көмек тағайындау процесін жылдамдатады. АӘК алдын ала есептеу үшін Астана қаласы әкімдігінің Мансап орталығына мына мекенжай бойынша жүгіну қажет: Бейбітшілік көшесі, 9, 137-кабинет. Жұмыс кестесі 09:00-ден 18:00-ге дейін (түскі үзіліс: 13:30-дан 14:30-ға дейін).



Ерлан СЫДЫҚОВ,
«Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық
университеті» КеАҚ
басқарма төрағасы –
ректоры

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР МЕН БАСТАМАЛАР ОРДАСЫ

Еліміздің білім беру жүйесін халықаралық деңгейде дамыту мақсатында қолға алынған маңызды бастамалардың бірі – Қазақстанды Орталық Азиядағы халықаралық жоғары білім беру хабына айналдыру. Ол үшін халықаралық стандарттарға сай білім беру жүйесін дамыту, заманауи оқу бағдарламаларын енгізу және шетелдік студенттерді тартуды қолға алуды Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне жүктеген.

Осыған орай, министрлік жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылға дейінгі кезеңге арналған жаңа тұжырымдамасын бекіткен болатын. Әрі министрлік Қазақстанды Орталық Азия аймағындағы ірі академиялық орталыққа айналдыру, шетелдік университеттердің кампустарын ашу және технологиялар трансферті үшін жағдай жасау бойынша жүйелі де ауқымды жұмыстар атқаруда. Мәселен, 2024 жылы Қазақстанда шетел университеттерінің 27 филиалы ашылды. Ал 2025 жылы Италия, Түркия, Қытай, Оңтүстік Корея, АҚШ, Ұлыбритания, Венгрия, Ресей сынды елдер университеттерінің филиалдарын ашу жоспарлануда.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді жалғастыруда. Университет Халықаралық ғылым академиясы, Еуразиялық университеттер қауымдастығы, ТМД және Балтық елдерінің халықаралық зерттеулер қауымдастығы, сондай-ақ Еуропалық жоғары оқу орындарының қауымдастығына мүше. 2005 жылы ЕҰУ Болонья қаласында Еуропа университеттерінің Ұлы хартиясына қол қойды. Сонымен қатар ЕҰУ Қазақстандағы алғашқы жоғары оқу орны болып ТМД елдері мен ШЫҰ шеңберінде қос дипломды магистрлік білім беру бағдарламаларын іске асыруды бастады.

Бүгінгі таңда университетіміз ғылым мен білім саласында 500-ден астам серіктеспен ынтымақтастық орнатып, академиялық ұтқырлық, профессорлар тарту, магистранттар мен докторанттар үшін ғылыми тағылымдамалар, қос дипломдық бағдарламалар мен бірлескен конференциялар ұйымдастыруда. Әрі 50 бірлескен/қос дипломдық білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның 3-еуі бакалаврларды, 47-сі магистрлерді дайындауға арналған. 2001 жылы университет базасында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің филиалы ашылды. Сонымен қатар Қазақстанда шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарымен қатар, техникалық және инженерлік мамандарды даярлайтын шеберханалар ашылуда. Мысалы, 2025 жылдың қыркүйек айында ЕҰУ мен Тяньцзинь кәсіптік институты (Қытай) бірлесе отырып, Лу Бань шеберханасын ашуды жоспарлап отыр. Бұл шара екі ел арасындағы халықаралық байланыстарды нығайтып қана қоймай, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары

мен практикалық дайындықтарын жақсартуға мүмкіндік береді.

Лу Бань шеберханасы – Қазақстан мен Қытай кәсіпорындарының ынтымақтастығын дамытуға, кәсіптік білім беру саласындағы халықаралық алмасуға, сондай-ақ Қазақстанның дамуы үшін техникалық таланттарды тәрбиелеуге бағытталған инновациялық білім беру алаңы. Бұл шеберхана қазақстандық жастардың жұмысқа орналасу және мансаптық өсу мүмкіндіктерін кеңейтіп, жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы білім беру процесін жетілдіреді. Қазіргі таңда Еуразия ұлттық универси-

теті Қытайдың 22 жоғары оқу орнымен тығыз байланыста жұмыс істейді, бұл – университеттің интернационалдандыруды дамыту бағытындағы басты қадамы. Сондай-ақ ЕҰУ тек шетелдік жоғары оқу орындарымен ғана емес, көршілес елдермен де ынтымақтасып, филиалдарын ашуда. Мысалы, 2022 жылдың желтоқсан айында ЕҰУ Ош мемлекеттік университетінде (Қырғызстан) өзінің филиалын ашып, «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Аударма ісі» мамандықтары бойынша қос дипломдық бағдарламаларды жүзеге асыруда. Сондай-ақ биыл ЕҰУ базасында Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының филиалын ашу жоспарлануда.

Қазіргі таңда университетімізде әртүрлі елдерден келген 2 мыңға жуық шетелдік студент білім алуда. Оның ішінде ақылы негізде оқуға ниет білдірген шетелдік студенттер саны да артып келеді. Ал дарынды шетелдік студенттерді ынталандыру үшін біз «Күлтегін» және «Гумилев» атындағы шәкіртақы тағайындадық. Сондай-ақ әлемнің үздік 500 университетінің үздік оқы-

тушыларын тарту бойынша ауқымды жұмыстарды атқарып жатырмыз, бұл оқу орнының ғылыми-білім беру қызметі үшін ғана емес, ең алдымен ғылыми әлеуетті арттыру үшін де маңызды. Білім беру бағдарламаларының жүзеге асыруға Қытай, Ресей, АҚШ, Түркия, Польша, Испания, Италия, Венгрия, Чехия, Германия, т. б. елдердің ғалымдары тартылуда.

Сонымен қатар біз қазіргі таңда шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттары өкілдерінің оқу процесіне қатысуын ынталандырып, ғылыми-зерттеу ынтымақтастығын дамытуға ықпал етудеміз. Бұл ретте университетте «ENU Visiting Professors» және «Visiting Professors» бағдарламалары бар, олар шетелдік мамандар мен докторанттарға арналған ғылыми кеңесшілерді тартуға бағытталған. Ал ЕҰУ-дің танылмалдылығын арттыру және жоғары оқу орындарында әлеуетті арттыру мақсатында Erasmus+ «Welcome» кіріс мобильділік бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама ЕҰУ-ға шетелдік студенттер мен ғалымдарды тартуға және университеттің халықаралық деңгейде танымал болуына жағдай жасайды. «Welcome to ENU» бағдарламасы 2020 жылдан бері қарай шетел университеттерінен келген студент-

тер үшін 1-2 семестр бойы білім алуға мүмкіндік туғызып келеді. Бағдарламаға студенттер, магистранттар, аспиранттар, докторанттар, сондай-ақ шетелдік университеттердің білім алушылары, тіпті келісімшарты жоқ студенттер де еркін тыңдаушы ретінде қатыса алады. Бұл бағдарлама аясында Қытай, Оңтүстік Корея, Түркия, Германия, Франция, Бельгия, Ундістан, Қырғызстан, Тәжікстан, Ресей, Әзербайжан, Өзбекстан, Польша, Словакия, Литва, Жапония және басқа елдерден 800-ге жуық шетелдік білім алушы оқытылды. Оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тегін ұсынылады. Мұның бәрі де Қазақстанды Орталық Азияның халықаралық жоғары білім беру хабына айналдыруда Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қарқынды жұмыс жасап жатқанын көрсетер кезек.

Алдағы уақытта да университет Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінің халықаралық аренада бәсекеге қабілеттілігін арттырып, Орталық Азияның білім беру хабы болуға бағытталған ауқымды мақсаттарды жүзеге асыра береді.



Бүгінгі таңда университетіміз Ғылым мен білім саласында 500-ден астам серіктеспен ынтымақтастық орнатып, академиялық ұтқырлық, профессорлар тарту, магистранттар мен докторанттар үшін ғылыми тағылымдамалар, қос дипломдық бағдарламалар мен бірлескен конференциялар ұйымдастыруда. Әрі 50 бірлескен/қос дипломдық білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның 3-еуі бакалаврларды, 47-сі магистрлерді дайындауға арналған

Жақында әлеуметтік желіде әскер қатарына шақырылған бозбалаларды жан-жағынан құрсаулап қоршаған полицейлердің вагонға жетектеп бара жатқанын көргенде ойымыз екіге бөлінді. Отан алдындағы міндетін орындауға маңдайы жарқырап, алшаң басып бармаған соң не қайыр дерсіз. Есі жоқ, жүрегі езіліп шығарып салып тұрған жақындарын да түсінеміз. Бәле-жәледен сақтасын деп тілейді. Қорқынышына да негіз бар. Әскери прокуратураның өткен жылы мәліметіне қарағанда, соңғы үш жылда 270 әскери қызметші әскери міндетін өтеу кезінде қыршынынан қиылған. Оның 140-тан астамы – Қарулы күштер қатарында міндетін атқаруға келген өрімдей жастар. Президенттің «Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан жоғары оқу орындарында әлеуетті арттыру мақсатында Erasmus+ «Welcome» кіріс мобильділік бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама ЕҰУ-ға шетелдік студенттер мен ғалымдарды тартуға және университеттің халықаралық деңгейде танымал болуына жағдай жасайды. «Welcome to ENU» бағдарламасы 2020 жылдан бері қарай шетел университеттерінен келген студент-



ОТАН НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?

Осы сұрақтың жауабын ешкім дәл тауып айтпаған болар. Бірақ жүрегімізді тербеп, дүниетанымымызға дем беріп, күнделікті әрекетіміздің арқауында осы сезім жатады. Сондықтан адам баласы үшін туған ел мен жерге деген сүйіспеншіліктің орны бөлек. Әсіресе ата-бабаларымыздан аманат болған кең-байтақ жеріміздің мұрагері – қазақ баласы үшін Отанды сүю, оны қорғау биік парасаттың белгісі болуы тиіс.

Айгүл
УАИС

Жақында әлеуметтік желіде әскер қатарына шақырылған бозбалаларды жан-жағынан құрсаулап қоршаған полицейлердің вагонға жетектеп бара жатқанын көргенде ойымыз екіге бөлінді. Отан алдындағы міндетін орындауға маңдайы жарқырап, алшаң басып бармаған соң не қайыр дерсіз. Есі жоқ, жүрегі езіліп шығарып салып тұрған жақындарын да түсінеміз. Бәле-жәледен сақтасын деп тілейді. Қорқынышына да негіз бар. Әскери прокуратураның өткен жылы мәліметіне қарағанда, соңғы үш жылда 270 әскери қызметші әскери міндетін өтеу кезінде қыршынынан қиылған. Оның 140-тан астамы – Қарулы күштер қатарында міндетін атқаруға келген өрімдей жастар. Президенттің «Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан жоғары оқу орындарында әлеуетті арттыру мақсатында Erasmus+ «Welcome» кіріс мобильділік бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарлама ЕҰУ-ға шетелдік студенттер мен ғалымдарды тартуға және университеттің халықаралық деңгейде танымал болуына жағдай жасайды. «Welcome to ENU» бағдарламасы 2020 жылдан бері қарай шетел университеттерінен келген студент-

Бала мұрты тебіндеп, буыны қатса да, нақты қалыптасқан дүниетаным жүйесі жоқ, әлі толысу кезеңіне жетпеген, өзіне деген сенімі кем бала жигіттің мүлдем басқа ортаға, талабы зор қарым-қатынас жүйесіне қарсы тұра алмауы – заңды нәрсе. Бұл оның кінәсі емес, отаншылдыққа тәрбиеленіп алмаған отандық тәрбиеленушінің қолға алатын қай министрлік екенін өзіміз де білмейміз. Алыс жолды қоялық, әр оқушының өзі тұрған жерінің шетінен ұзап, аралап көргені аз болар. Өлкетану, ауылдың тарихын зерделеу сабақтары қолға алынбаған. Мұның бәрін білмейінше, баланың дүниетанымы қалыптаспайды, өткенінен хабарсыз болады, өзін тамырсыз ағаштай сезінеді. Ал әскерге шақырылғанда елін, жерін қорғау деген бұлыңғыр түсінікпен алғашқы кедергілерді, қиындықтарды қалай жеңбек?! Жігері тасып, көзі жайнап тұрған жастардың орнына келген жасық, мінезі тайғақ жастарды бір жылда қалайша тәрбиелеп шықпақ?! Егер олардың тәрбиесіне мән беріп, Отан неден басталатынын айта алсақ, қазақ әскерінің рухы төмендемес еді...

№96 (4750) 18/01/2025 Сенбі

Атап айтқанда, бірінші – балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерге мемлекеттік шығармашылық тапсырысты орналастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары. Екінші – балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерге жан басына нормативтік қаржыландыру қағидалары. Үшінші – мемлекеттік тапсырысты жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесі. Төртінші – балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелердің және спорт секцияларының рейтингін анықтау қағидалары. Алайда қоғамдық ортадағы мәдени және интеллектуалды деңгейдің төмендеуі дәстүрлі құндылықтар иерархиясын жандандыруды талап етеді. Мүліктік саралаудың күрт күшеюі және қолайлы өмір сүру деңгейі үшін күрес, өзіншілдік пен прагматизмге негізделген әдет-ғұрыптардың стихиялық қалыптасуына алғышарттар жасады. Адамгершілік бағдарларының жоғалуы мен құнсыздануы қоғамдағы жағымсыз салдарға әкелді, олар: әлеуметтік әлімжеттік, жасөспірімдер арасындағы криминогенділіктің өсуі, қаңғыбастық, көмелетке толмағандар арасында нашакорлық, балалардың оқуға және өзін-өзі жетілдіруге деген қызығушылығының төмендеуі.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында ұлттың шығармашылық әлеуетін дамыту үйлесімді және орнықты қоғамды қалыптастырудың негізгі факторы деп, «Шығармашылық – бұл өзін-өзі көрсету тәсілі ғана емес, сонымен бірге елдің мәдени бірегейлігін қалыптастырудың қуатты құралы» екеніне назар аударды. Бұл процестің маңызды аспектісі – жастарға арналған шығармашылық бағдарламаларға қолжетімділікті арттыру және суретшілер мен шығармашылық ұжымдарды қолдау жүйесін нығайту. Бүгінде әр баланың өз талантын дамытуға және өз кәсібін табуға мүмкіндігі болуы қажет әрі бұл өз кезегінде елде серпінді мәдени органы қалыптастыратыны даусыз.

DAMUBALA.KZ – ЖАҢА ПЛАТФОРМА

2021 жылғы 1 мамырдан бастап Қазақстан Республикасында мемлекеттік спорттық және шығармашылық тапсырыстарды жан басына қаржыландыру тетігі енгізілді. Бұл жергілікті атқарушы органдарға ресурстарды неғұрлым икемді басқаруға және халықтың қажеттіліктеріне жедел ден қоюға мүмкіндік берді. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап бағдарламаны іске асыру үшін платформаны таңдау өкілетті жергілікті органдарға беріліп, ол тапсырмалардың тиімділігін арттыруға ықпал етті. 2023 жылдың мамыр айында мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру жаңа платформаға – damubala.kz көшірілді. Астана қаласы әкімінің 2023 жылғы 4 желтоқсандағы «Астана қаласы әкімдігінің «Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесін құру туралы» қаулысына сәйкес дирекция құрылып, бұл осы сәтте жүйелі басқаруға жасалған маңызды қадам болды. 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап дирекция мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыруға кірісті.

Дирекцияның негізгі мақсаттары: 1. Шығармашылық бағдарламалардың кең ауқымы арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін қолжетімді орта құру. 2. Ұлттық өнерді, дәстүрлерді дамыту арқылы ұлттың мәдени бірегейлігін нығайту. 3. Шы-

Кез келген елдегі қоғамның болашағы – балалар. Сондықтан мектеп жасындағы балаларды бұқаралық спорт және шығармашылық үйірмелерімен толықтай қамту мақсаты күн тәртібінде тұрғаны рас. Бұл өзі өскелең ұрпақ игілігі, болашағы үшін жасалған жарқын бастама болды. Нәтижесінде мемлекет есебінен қаржыландырылатын үйірмелер көптеп ашылып, спорт пен өнерге баулитын орталықтар құрылып, бірқатар құқықтық акті бекітіліп, қабылданды.



ТЕГІН ҮЙІРМЕ – БОЛАШАҚҚА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ

ғармашылық білім беру сапасын және әртүрлі әлеуметтік топтағы балаларға арналған шығармашылық үйірмелердің қолжетімділігін арттыру.

Қазіргі уақытта бағдарламамен 4 жастан 17 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдер қамтылған. Ашық дереккөздерге сәйкес, платформадағы белсенді ваучерлердің жалпы саны – 24067. 2024 жылы жаңа ваучерлер берілді. Бұл шығармашылық бағдарламаларға деген қызығушылықтың артқанын растады. 2024 жылы берілген ваучерлердің жалпы саны – 11500, барлық ваучерлер жеткізушілер бойынша бөлінді. 2024 жылғы 1-10 қарашада жеткізушілер үшін өтінімдерді қабылдауда 2500 өтінім қабылданып, оның 680-і мақұлданып, 868-і кері қайтарылды.

СҰРАНЫСҚА САЙ ҮЙІРМЕЛЕР

Белсенді ваучерлердің едәуір саны балаларға әртүрлі шығармашылық іс-шараларға қатысуға мүмкіндік беретін бағдарламаның сәтті жүзеге асуын әрі түрлі салаға қызығушылығы бар балаларды қызықтыратын үйірме бағыттарының кең таңдауының болуын көрсетеді. Танымал үйірмелердің саны бойынша сұранысқа ие: 1. Кескіндеме және сурет: 230 үйірме, 6909 ваучер; 2. Ұлттық (Халықтық) билер: 126 үйірме, 3915 ваучер; 3. Домбыра: 151 үйірме, 3095 ваучер; 4. Заманауи (эстрадалық) билер: 107 үйірме, 2840 ваучер.

2024 жылы дирекция бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар өткізді. 2024 жылғы

12 сәуірден бастап дирекция жеткізушілерге ресми хабарламамен 195 рет ашық түрде байланысқа шығуды жүзеге асырды. Нәтижесінде анықталған ескертулер негізінде 4 өнім беруші мемлекеттік шығармашылық тапсырыс шеңберінде қызмет көрсетуді тоқтатты. Ескертулердің негізгі түрлері – платформадағы сабақ кестелерінің сәйкес келмеуі – 24, материалдық-техникалық жаратқандырылмауы – 33 бұзушылық. Сондай-ақ ата-аналарға қоңырау шалу кезінде шығармашылық үйірмелерге бармайтындар анықталып, жосықсыз жеткізушілердің бюджет қаражатын мақсатсыз алғаны, соның нәтижесінде мемлекеттік бюджетке 285024,96 теңге қайтарылды. Ол бақылаудың маңызын және мониторингті одан әрі күшейту қажет екенін көрсетті. Жалған алғашқы медициналық көмек сертификаты бар 3 жаттықтырушы анықталды. Әрі жеткізушілердің ата-аналардың электрондық цифрлық қолтаңбасын олардың рұқсатынсыз пайдалану фактісі бойынша материалдар прокуратураға және Астана қаласының Полиция департаментіне жіберілді. 2025 жылы Қоғамдық кеңес және мәслихат депутаттарының өкілдерімен бірлесіп сабаққа қатысу бойынша іс-шаралар жоспарланған.

Дирекция 2024 жылдың үшінші тоқсанында есеп беру концерттерін өткізді: «Балет» бағыты бойынша жеткізушілердің шығармашылық жылдың шарықтау шегіне жеткен «Астана Опера» театрындағы есептік концерт; Qazaqstan жеңіл атлетика спорт кешенінде өткен «Нағыз қазақ – домбыра» ауқымды іс-шарасы. Бір

уақытта 3 мыңнан астам жас домбырашы Құрманғазының «Балбырауын» күйін орындады. Өнер әлеміндегі бірегей оқиға Қазақстанның Гиннесс рекордтар кітабына енді. Биыл наурыз айында жетігенде 500 баланы қамту жоспарланып, алдағы іс-шараларға арналған шығыстар бюджетке салынды. Бастысы, мемлекеттік шығармашылық тапсырысты құру айтарлықтай артықшылықтар көрсетті. Олар:

1. Шығармашылық оқытудың қолжетімділігі: бағдарлама әртүрлі әлеуметтік топтағы балаларға арналған шығармашылық үйірмелерге кең қолжетімділікті қамтамасыз етеді әрі бұл барлығына бірдей мүмкіндік береді.

2. Мәдени бірегейлікті дамыту: халық биі және дәстүрлі

музыка сияқты ұлттық өнер бағыттарын қолдау мәдени бірегейлікті нығайтуға және мәдени мұраны жеткізуге көмектеседі.

3. Жергілікті шығармашылық топтарды қолдау: бағдарлама мәдени инфрақұрылымды жақсартатын және жаңа жұмыс орындарын құратын жергілікті суретшілердің, музыканттардың және театрлардың дамуына ықпал етеді.

4. Шығармашылық әлеуетті қалыптастыру: балалар мен жастардың өз потенциалын дамытуға мүмкіндігі, бұл өз кезегінде олардың жеке және кәсіби өзін-өзі дамытуына ықпал етеді.

5. Әлеуметтік интеграция: шығармашылық әрекеттер балалардың әлеуметтенуіне, командалық рухты және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға көмектеседі.

6. Жаңа бағыттарды дамыту: бағдарлама өзекті тенденцияларға сәйкес келетін цифрлық өнер және театр шеберлігі сияқты заманауи шығармашылық бағыттарды енгізуді қолдайды.

7. Іс-шараларды ұйымдастыру: есеп беру концерттері мен көрмелерді өткізу қатысушылардың жетістіктерін көрсетуге көмектеседі, бұл оларды сабақты жалғастыруға ынталандырады және жұртшылықты тартады. Бұл әртүрлі және динамикалық мәдени ортаның қалыптасуына ықпал етеді әрі қаланың, елдің жалпы өмір сапасына әсер етеді.

ҚОҒАМ ДЕНГЕЙІН АРТТЫРАДЫ

Шығармашылық – бірінші кезекте балалық қиял мен ойдағы арманға баланы ын-

тандыру. Шығармашылық, ең алдымен, қиялдың дамуына ықпал етеді, бұл әсіресе күрделі мәселелерді шешуде және ойлаудың жаңа тәсілдерін табуға маңызды. Өнермен айналысатын адамдар шеңберден тыс ойлауға және инновациялық идеяларды дамытуға бейім. Шығармашылық сурет салуды, музыканы, биді және драманы қоса алғанда, өрнектің көптеген түрін қамтиды. Шығармашылықтың осы түрлеріне қатысу қарым-қатынас пен экспрессивтілік дағдыларын жақсартуға көмектеседі, бұл өмірдің барлық саласында пайдалы. Өнердегі жетістіктер, мейлі ол кескіндеме, музыкалық шығарма немесе театр қойылымы болсын, балаларда қанағат пен өзіне деген сенімділікті дамытады. Өз кезегінде бұл баланың үлгілі оқуына, болашақта мамандық таңдауына, мотивация мен сенімділікке негіз қалайды. Шығармашылықпен айналысу қоғамның жалпы деңгейін арттыруға ықпал етеді. Өйткені өзіне сенімді адамдар – сенімді мемлекет кепілі. Мемлекеттік шығармашылық тапсырыс балғының жас кезінен бастап халықтың мәдениетін, ұлттық құндылықты қастерлеуін қалыптастыруға көмектеседі және бағдарлама туралы қоғамдық пікірді орнықтырады.

Ігілікті істің жемісті болуына Астана қаласының әкімдігі, мәслихат және депутаттық корпус қолдау білдіреді. Себебі балаға жасалған тың бастаманың нәтижелі болуына қоғам және ата-ана жауапты. Әрбір ата-ана баласының жарқын болашағын армандайды. Қосымша білім беру шаңырақтарының өскелең ұрпаққа білім беруде орны бөлек. Табысқа жетіп, биіктерді бағындырған тұлғаның негізі – балалық шақтағы өнегелі істер нәтижесі.

Ерлан ЖАЛҒАС,
Астана қаласы әкімдігінің
«Мемлекеттік шығармашылық тапсырысты іске асыру дирекциясы» КММ басшысы

– Айдар Кинжетайұлы, дәл қазіргі таңда елімізде қанша адам жүрекке, бүйрекке, бауыр ауыстыруға мұқтаж?

– Қазіргі кезде орталық деректері бойынша күту тізімінде 4117 пациент тіркелген. Нақты айтқанда, 3672 адам – бүйрек, 184 адам – бауыр, 140 адам – жүрек, 20 адам өкпе ауыстыруға мұқтаж. Сондай-ақ көздің мөлдір қабығын транспланттауға қажеттілігімен 1500-ден астам пациент тіркелген. Олар қазіргі уақытта мүгедектікке шыққанмен, күту тізіміне енгізілмеген, себебі бұл мәліметтер медициналық ақпараттық жүйеде тіркелмейді. Бізде мәліметтер үнемі жаңартылып отырады. Дегенмен соңғы уақытта күтуде тұрған пациенттердің саны жыл сайын артуда. Өз кезегіне жетпей, ерте көз жұматындар бар. Жыл сайын әртүрлі себептерге байланысты 300-ге жуық реципиент күту парағынан шығарылады.

– Күту парағына тіркелгендер көп екен, ал донорлар ше?

– Былтыр донорлардың саны артты. Егер 2023 жылы 40 адам мидың өлімі диагнозымен тіркеліп, туыстары олардың ағзаларын алуға келісім берген болса, 2024 жылы бұл көрсеткіш 80-ге жетті. Жалпы донорлық мәселеге қағысты ақпараттық жұмыстар белсенді жүргізілсе де, әзірге нақты өсу байқалмайды. Сол бұрынғы деңгейде қалуда. Негізгі мәселе – туыстардың келісім бермеуі. Себебі біздің заңнамамызға сәйкес, ағзаларды алу үшін туыстарының келісімі міндетті.

7000 АДАМ КЕЛІСІМ БЕРГЕН

– Қазір кез келген адам egov.kz порталы арқылы қайтыс болғаннан кейін ағзаларын беруге не бас тартуға құқығы бар. Осы келісімге қол қойып жатқандар бар ма?

– Қазіргі уақытта 130000 адам бас тартқан, ал 7000 адам өз ағзаларын қайтыс болған соң беруге келісім берген. Жалпы Қазақстанда донорлықты дамыту үшін мәселе көбіне заңдық аспектілер мен туыстардың келісімімен байланысты. Бүкіл әлемде донорлық жүйеде екі түрлі әдіс бар: «келісім презумпциясы» және «бас тарту презумпциясы». Бізде келісім презумпциясы бар, яғни адамның өмірінде жазбаша бас тарту немесе келісім болмаған жағдайда туыстарынан сұралады. Ал көптеген елде, мысалы, АҚШ, Оңтүстік Кореяда «бас тарту презумпциясы» қолданылады. Еуропада көп жағдайда «келісім презумпциясы» жұмыс істейді, бұл жүйе трансплантация процесін гуманистік тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік береді. Біз міндетті түрде туыстардан ағзаларды алу туралы келісім



Айдар СИТКАЗИНОВ: ДОНОР ТАПШЫЛЫҒЫ ТАЛАЙДЫҢ ҮМІТІН ҮЗІП ТҰР

Елімізде 4 мыңнан астам жан донор ағзасына зәру. Жыл сайын кезегін күтіп жүрген қаншама адам қайтыс болып кетеді. Былайша айтқанда, донор жетіспеушілігі отандық трансплантология саласын өрге бастырмай отыр. Осы мәселе жөнінде Транспланттауды және жоғары технологиялық медициналық қызметті үйлестіру жөніндегі республикалық орталық директоры Айдар СИТКАЗИНОВ ПЕН әңгімелескен едік.

сұраймыз. Егер туыстары келісім бермесе, онда донорлық процесс туралы сөз болмайды. Сондай-ақ медициналық қарсы көрсеткіштер болса, мысалы, ЖИТС инфекциясы, гепатит сияқты жұқпалы аурулар болса жарамсыз. Ал адамның өзі ерікті түрде келісім берген жағдайда, донорлық туралы шешім қабылдауға болады. Донорлық процесс тек екі негізгі диагноз бойынша жүргізіледі: ми өлімі, яғни инсульт немесе бас миының жарақаты жағдайында ғана ағзаларды алу қарастырылады. Басқа жағдайларда, мысалы, реанимациядағы науқастар ағзаларды алу үшін қарастырылмайды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС, ГУМАНДЫ ТӘСІЛ ҚОЛДАНЫЛАДЫ

– Әлемде донор тапшылығы шешілген елдердің тәжірибесін алуға бола ма?

– АҚШ-та трансплантациялау көрсеткіші жоғары екенін айттым. Олардың жүйесінде 18 жастан бастап адамдар өз еркімен келісім береді. Ал Еуропада «презумпция келісімі» жүйесі қолданылады, бұл жерде адамдар трансплантация процесіне дайын болып келеді. Мұнда қаржылық емес, гуманды тәсіл қолданылады. Бұл сұраққа қатысты негізгі мәселе – өмір мен денсаулықты сақтап қалу үшін донорлық

ағзаларды тиімді пайдалану мен дұрыс басқаруды қамтамасыз ету. Өмір сүру үшін қажетті ағзаларды беру – өте жауапты және әдетте этикалық қиындықтар туғызатын процесс. Әсіресе өлімнен кейін ағзаларды алу мен олардың трансплантациясы кезінде көптеген медициналық және әлеуметтік мәселе туындайды. Сонымен қатар донор болу туралы шешім қабылдау көбіне туыстарына ауыр моральдық жүк артады. Қазақстанда да бұл мәселе дамып келеді, бірақ әлі де жетілдіруді қажет етеді. Өйткені жыл сайын елімізде донорлық мәселе баяу дамып жатса да, оған деген сұраныс үлкен болып қала береді.

– Осы мәселені шешу үшін не істеу керек?

– Донорлық жүйені дамыту үшін халық арасында түсінік пен қолдау қалыптастыру қажет. Бұл үшін әртүрлі ақпараттық науқандар мен қоғамдық жұмыстар жүргізу өте маңызды. Сонымен қатар донорлық ағзаның табысты трансплантациясы үшін түрлі медициналық процедура мен дайындық кезеңі қажет. Еліміздің кейбір азаматтары көп жағдайда орган алмастыру үшін Белоруссияға барады, бұл – медициналық туризмнің бір түрі. Бұл – қымбат процесс, бірақ адамдар осы мақсатта қаржы жинайды. Белоруссияда күту тізімі жыл сайын азайса, Қазақстанда тізім жыл сайын өсіп отыр. Донорлықты дамыту және халықты осы мәселеге тарту мақсатында мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар бірігіп жұмыс істеуі керек. Әрбір адам өмірінде бір рет болса да донор болу туралы шешім қабылдауы маңызды. Бұл кейін өз туыстарының



Қазіргі уақытта 130000 адам бас тартқан, ал 7000 адам өз ағзаларын қайтыс болған соң беруге келісім берген. Жалпы Қазақстанда донорлықты дамыту үшін мәселе көбіне заңдық аспектілер мен туыстардың келісімімен байланысты. Бүкіл әлемде донорлық жүйеде екі түрлі әдіс бар: «келісім презумпциясы» және «бас тарту презумпциясы»

алдында ауыр жауапкершілікті болдырмауға және көптеген адамның өмірін сақтап қалуға мүмкіндік береді.

ЕЛІМІЗДІҢ КӨРСЕТКІШІ ТӨМЕН

– Мамандар бір донор кем дегенде 4-5 адамның өмірін сақтап қалады деп жатады...

– Кез келген жан донор бола алмайды. Донор болатын жанның салмағы, қан тобы, өзге де медициналық көрсеткіштері реципиентке сәйкес келуі керек. Қазіргі кезеңде тез арада жүрек трансплантациясын қажет ететін немесе Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығының диализ бөлімшесінде бүйрек

трансплантациясын қажет ететін балалар тіркеуде тұр. Олардың барлығы ауруханада айлар, жылдар бойы жасанды бүйрек аппаратына байланып өмір сүруге мәжбүр. Өкпе, ұйқы безі, ішек, жілік майы, көздің қасаң қабықшасы, бұлшық ет трансплантациясына тағдыры байланғандардың қатары да аз емес. Айналып келгенде, бәріне донор тапшылығы қолбайлау болып отыр. Еуропа мен АҚШ-та тіңдер трансплантациясы да өте дамыған. Мысалы, тері, сүйек, ішек, тіпті жатыр трансплантациясы бар. Әлемде трансплантация бойынша Испания көшбасшы болып тұр. Мұнда миллион адамға 40 донордан келеді. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш өте төмен, бірақ соған қарамастан біз тірі донорлықты дамытудамыз.

– Мидың өлімін растау кезінде жеке басы анықталмаған адамдар донор бола ала ма?

– Елімізде қабылданған кодекс бойынша жеке басы туралы деректерді хабарлай алмаған және қайтыс болуын растау кезінде жеке басы анықталмаған адамдардан ағзаларын алуға тыйым салынады.

– Трансплантация үдерісінде уақыт өте маңызды. Аз ғана уақытта барлық процессті дұрыс ұйымдастыру қаншалықты қиын?

– Трансплантацияның негізгі қиындығының бірі – гемодиализдегі пациенттер. Донорлық ағзаның тапшы болуына байланысты кейбір пациенттер ұзақ жылдар бойы гемодиализ қабылдап жүргендіктен, олар үшін кейін ота жасау мүмкіндігі азаяды. Өйткені сол уақыт аралығында олардың басқа да денсаулық мәселелері туындайды. Сонымен қатар күту тізімі өте ұзақ, ал орган ауыстыру үшін қан топтарының сәйкестігі маңызды.

Дұрыс айтасыз, трансплантация үдерісінде уақыт өте маңызды. Мысалы, жүрек – 6 сағат, бауыр – 8 сағат, бүйрек 12 сағат қана сақталады. Осы уақыт аралығында күту парағында тұрған әр науқаспен жеке жұмыстар жүргізіледі. Операциядан кейін пациенттер өмір бойы иммуносупрессивті дәрілер қабылдауы керек. Мұны орындайтындар да, орындамайтындар да болады. Донорлық ағзаларды алу – өте жылдам, бірақ өте күрделі процесс.

Жалпы кез келген азамат, яғни болашақ донорлар өздерінің көзқарасын білдіріп, «келісім» немесе «құқықтан бас тарту» туралы шешім қабылдауы керек. Бұл кейін туыстардың орнына шешім қабылдауды жеңілдетеді. Бірақ біздің менталитетімізде егер адам өз өмірінде шешім қабылдаса, онда ол үшін туыстарының да шешім қабылдауы қиын болады.

ПАЦИЕНТТЕРДІҢ КҮТУ ПАРАҒЫ БАРЛЫҒЫ – 4117 ПАЦИЕНТ

	3672	ЕРЕСЕКТЕР		20	ЕРЕСЕКТЕР
	76	БАЛАЛАР		0	БАЛАЛАР
	184	ЕРЕСЕКТЕР		140	ЕРЕСЕКТЕР
	13	БАЛАЛАР		5	БАЛАЛАР

ЖҮРЕК-ӨКПЕ КЕШЕНІ

4	ЕРЕСЕКТЕР
2	БАЛАЛАР



Мұхитдин ИСАҰЛЫ,
теология ғылымдарының докторы, доцент:

МАХАББАТ ПЕН БАУЫРМАЛДЫҚ СЕЗІМІНІҢ КӨРІНІСІ БОЛУ КЕРЕК

– Ислам діні емдеу жолдарын іздеуді қолдайды әрі әрбір дерттің өз шипасы бар. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) адамдардың іс-әрекеті олардың ниетіне қарай бағаланады деген. Әрине, адам ағзалары тауар емес. Сондықтан оларды донор-

лау ақысыз, қайтарымсыз негізде жақындарына деген махаббат пен бауырмалдық сезімінің көрінісі ретінде болу керек. Осы ретте Құранда Алла Тағала адам баласын ардақты етіп жаратқанын айтады. Тіпті бір адамды тірілту жер бетіндегі барлық адамзатты

тірілтумен бірдей екенін де айтады. Ендеше ислам дінінде адамды құтқару – мейлі оның жанын болсын, мейлі тәнін болсын, ең басты мәселе. Сол себепті донор мәселесі адам өмірін сақтауға мүмкіндік туғызуда арқау болса, ондай жағдайда ислам діні рұқсат

етеді. Соңғы ғасырлардағы көптеген ислам ғалымдары рұқсат-пәтуа берген. Бірақ ислам ғұламалары бұл жайында пәтуа бергенде, әрине, зәрулік жағдайды назарға ала отырып бергенмен, ешбірі шарият шеңберінен аттамаған. Ең басты мәселе – адам өмірінің маңызы, екінші мәселе – сол донорлық ағзалардың қасиеттілігі. Сол себепті көптеген шарт қойған. Мысалы, әуелі трансплантациядан мақсат – нәтиже шығатыны басым болуы қажет. Ықтималдық теориясына қарай қарекет етуге болмайды. Сондай-ақ бұл жерде адам өмірі үшін емес, жай ғана жасару мақ-

сатымен ауыстыруға рұқсат етілмейді. Екіншіден, бір науқастың алынып тасталған мүшесін трансплантациялауға болады. Үшіншіден, мүшесін берген адамға сол кезде немесе болашақта өзінің өміріне қауіп төндірмеуі керек. Ата-ана араласуға болмайды. Күштеуге, көндіруге, ақша төрізді нәрселер болмайды. Ең бастысы, сатылмайды. Ақысыз берілуі тиіс. Әрі донор берген адам артынан өзі сол мүшеге мұқтаж болып қалмауы тиіс. Ал өзі өмірден өтетіні анық айқындалған донор өз қолымен қолхат беріп келісімшарт жасалуы тиіс. Ал өлген адам болса, онда оның

мұрагерлері, ол болмаса, рұқсатты мұсылмандардың өкілетті басшылары беруіне болады. Міне, осы тәріздес басқа да көптеген шарттар бар. Осы шарттар орындалып, ең бастысы, донордың өзіне қауіп төндірмей, екіншіден, сатылмаған жағдайда шарият шеңберінен шықпай жасауға болатынын көптеген ғалым пәтуа берген. Өйтсе де жоғарыда айтылған шарттарға келіспеген, «мүлдем болмайды» деген ғалымдар да жоқ емес. Бұл туралы ғалымдар арасында әртүрлі көзқарас бар. Нақтыланбаған тұстары да жетерлік. Ең дұрысын бір Алла біледі.

Сұхбаттасқан Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

№6 (4750) 18/01/2025 Сенбі

ӘЛИЯНЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Қарулы күштердің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы Әскери-тарихи музейінде Кеңес Одағының Батыры, қазақтың ержүрек мерген қызы Әлия Молдағұлованы еске алуға арналған ерлік сабағы өтті.



Іс-шараға Астананың оқушылары, колледждердің және жоғары оқу орындарының студенттері, ардагерлер ұйымдарының, іздестіру топтарының өкілдері, музейдің әскери қызметшілері мен ғылыми қызметкерлері қатысты. Әскери-тарихи музейдің бастығы, майор Дәулет Қадыров биыл 25 қазанда Әлия Молдағұлованың туғанына 100 жыл толатынын еске салды. Осыған байланысты Қазақстанда ауқымды мерейтойлық іс-шаралар өтетінін айтты.

– Биыл Әлия Молдағұлованың 100 жылдығы аясында батыр қызымызды еске алып жатырмыз. Ерлік сабағына оқушылар мен студенттерді шақырдық. Жастар қан майданда шайқасып, жеңіске баға жетпес үлес қосқан қазақ жауынгерлерінің рухы қандай мықты болғанын білуі тиіс, – деп атап өтті Дәулет Қадыров. «Мемориалдық аймақ» іздеу жасағының командирі, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профес-

соры Майдан Құсайынов өткенді ұмыту Отан үшін қаза тапқан адамдарды естен шығарғанмен бірдей екенін алға тартты. Ол батырлардың өшпес ерлігі мәңгі жадымызда қалатынын айтты. Қатысушылар Әлияның 1944 жылдың қаңтарында әпкесі Сапура Молдағұловаға жіберген соңғы хатының аудио-жазбасын тыңдауға мүмкіндік алды. Іс-шара ХХ ғасырдағы әскери тарих залындағы экскурсиямен аяқталды.

ЖЫЛ ҚҰРМЕТІНЕ КӨРМЕЛЕР АШЫЛДЫ

2025 жыл Қазақстанда Жұмысшы мамандықтары жылы болып жарияланды. Осыған орай, Астана кітапханаларында жұмысшы мамандықтарға арналған тақырыптық кітап сөрелері мен көрмелер қойылды.

Іс-шара аясында Астана қаласы әкімдігінің орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің 22 кітапханасында тақырыптық кітап сөрелері мен көрмелер ашылды. Мысалы, орталық балалар-жасөспірімдер кітапханасындағы «Мәртебелі мамандық», №6 бұқаралық кітапханадағы «Мамандық таңдау – маңызды іс», №5 балалар кітапханасындағы «Мамандық – өмір таңдауы» және бұқаралық іс-шаралар, оның ішінде әртүрлі еңбек түрлері бойынша әдебиеттер, көрнекті жұмысшы кәсіп өкілдерінің өмірбаяндары, карьералық өсу, даму туралы кітаптар, кәсіби дағдылар мен жеке табыс тарихы баяндалған кітаптар қойылған сөрелер бар.

Сонымен бірге кітапханаларда «Табыс тарихы» форматында жұмысшы мамандықтарының көрнекті өкілдерімен кездесулер өтпек. Онда өз ісінің шеберлері жеке кәсіби тәжірибелерімен бөлісіп, табысқа жету жолы туралы әңгімелейді және қатысушылардың сұрақтарына жауап береді. Бұдан бөлек,



қалалық кітапханаларда жұмысшы мамандықтардың беделін көтеруге және жастар арасында қажырлы еңбекті насихаттауға бағытталған бұқаралық іс-шаралар: лекциялар, пікірталас клубтары, фильмдер көрсетілімі және шеберлік сабақтары

жыл біткенше ұйымдастырылады. Барлық 22 қалалық кітапхананың мекенжайы, байланыс телефоны және жұмыс уақыты туралы толық ақпарат Instagram желісіндегі @kitap_qala_astana ресми парақшасында бар.

ХАЛЫҚТЫҢ СҮЙІКТІЛЕРІ

Елордада «Халықтың сүйіктісі-2025» ұлттық сыйлығы жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті.

Салтанатты іс-шараға министрлер, депутаттар, қоғам қайраткерлері мен әртүрлі салада еңбек етіп жүрген жандар қатысты. Ұйымдастырушылар биылғы сыйлық табыстау рәсімінің жылдағыдан өзгеше өткенін тілге тиек етіп, жарыстан озып шыққандардың қандай форматта іріктелгенін айтып өтті.

– Қазақстандықтар өз сүйіктілерін осымен 13-рет таңдап жатыр. Ұлттық сыйлық 10 номинация бойынша берілді. Биыл жаңадан тағы номинациялар қостық. Олар – «Үздік ғалым» және «Үздік параспортшы». Дауыс беру екі кезеңнен тұрды, бірінші кезеңде Facebook желісі арқылы, екінші кезеңде «Халықтың сүйіктісі»

сыйлығының ресми сайты арқылы жүзеге асты, – деді «Халықтың сүйіктісі» ұлттық сыйлығының авторы әрі бас ұйымдастырушы Ғалым Байтук. Нәтижесінде жеңімпаздар «Үздік дәрігер», «Үздік қоғам қайраткері», «Жыл инвесторы», «Үздік тележүргізуші», «Үздік ұстаз», «Үздік спортшы», «Үздік параспортшы», «Жыл меценаты», «Үздік мәдениет қайраткері», «Үздік ғалым», «Үздік саясаттанушы» деген атпен марапатталды. Сондай-ақ «Ақбұлақ» арнайы номинациясы мен «Табыс пен даму» номинациясының және «Түркі мәдениетіне қосқан үлесі үшін» сыйлығының иегерлері де анықталды.

– Спорт – денсаулық кепілі. Сондықтан көңіл бөліп марапаттап жатқанына қуаныштымын. 1970 жылы дене шынықтыру институтын бітіріп, ауданда дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып бастап, содан бері 48 жыл спорт саласында еңбек етіп келемін. Ұлттық құраманың жанында болып 8 Олимпиадаға, 11 Азия ойындарына, 5 Паралимпиадаға қатыстық. Сондықтан еңбегімді елеп жатқанына мың да бір рақмет. Тек қана спорт бойынша ғана емес, әрбір сала бойынша халық өз сүйіктісін таңдап жатыр, – деді Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Қазақстан Ұлттық Олимпиада комитеті спорт дирекциясының директоры Елсияр Қанағатов.

Дайындаған Шапағат ӘБДІР

СКАНДИНАВИЯЛЫҚ СЕРУЕНГЕ ШЫҒАДЫ

Скандинавиялық серуен – спорттың жаңа түрі. Оның ерекшелігі шаңғы таяқтары секілді таяқты пайдаланып жүру қажет. Сол сәтте денедегі барлық бұлшық еттер қозғалысқа түседі. Спорттың бұл түрімен айналысу қай жаста болсын пайдалы. Елорданың Есіл және Нұра аудандарына қарасты Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының зейнеткерлері спорттың осы түрін таңдаған.



Олар скандинавиялық серуенмен айналысу үшін күн сайын Ботаникалық саябаққа жиналып, таза ауада серуен құрады. Скандинавиялық серуеннен шеберлік сабақтарын спорт саласында 45 жылдан астам уақыт қызмет еткен ардагер-спортшы Туғанай Бейсембаева жүргізеді. Бүгінде білікті маманның жаттығу сабақтарына 152 зейнеткер қатысады. Олардың арасында ең үлкені – 86 жастағы Сабыржан ақсақал.

«Біз скандинавиялық серуен секциясында 4 топқа бөлініп айналысамыз. Жаттығу сабақтары Ботаникалық саябақ пен «Qazaqstan» жеңіл атлетика-

лық спорт кешенінде өтеді. Қыста ауа райына байланысты 15 градусқа дейін суықта таза ауада 40-45 минуттай жүруге тырысамыз. Зейнеткерлердің бәрі белсенді, арамызда спорттың осы түрімен 4 жылдан бері айналысып келе жатқандар бар» дейді орталықтың дене шынықтыру нұсқаушысы Туғанай Қойшықызы.

Бүгінде скандинавиялық серуен секциялары Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының барлық аудандық филиалдарында бар. Орталық қала зейнеткерлерін денсаулыққа пайдалы тегін секцияларға жазылуға шақырады.

КОМИКС КІТАПТАР

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада Туризм және спорт индустриясын қолдау қорының қолдауымен белгілі спорт журналисі Аслан Қаженов және ақын, жазушы, журналист Азамат Әбілқайырдың «Қазақ чемпиондары» атты балаларға арналған комикс кітаптарының тұсаукесері өтті. Бұл комикстер топтамасы спорт мектептеріне тегін таратылады.

Бес кітаптан тұратын комикс жанрындағы «Қазақ чемпиондары» еңбегі Париж-2024 Олимпиада ойындарының жүлдегерлеріне арналған. Соның ішінде дзюдошы Елдос Сметов, боксшы Назым Қызайбай мен Айбек Оралбай, палуан Демеу Жадыраев, гимнаст Нариман Құрбанов, дзюдошы Ғұсман Қырғызбаев, мергендер Александра Ле мен Ислам Сатбаев және Қазақстан Ұлттық Олимпиадалық комитетінің президенті Геннадий Головкин бар. Кітапта аталған спортшылардың балалық шағы, алғашқы додаларынан үлкен сайыстарға дейінгі кәсіби мансабы балаға түсінікті тілде берілген. Комикс кітап шынайы оқиғаларға негізделген.

Іс-шараға Туризм және спорт индустриясын қолдау қорының жетекшілері, спортшылар, әлем және Олимпиада чемпиондары, Парламент депутаттары, журналистер мен медиа басшылары, қаламгерлер, сондай-ақ қоғам қайраткерлері қатысты.



www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қағталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 6

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ